

Ауылдық жерге жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетудің Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облыстық мәслихатының 2008 жылғы 5 наурыздағы N 4С-5-16 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2008 жылғы 15 сәуірде N 3246 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облыстық мәслихатының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 4С-25-1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облыстық мәслихатының 2010.06.18 № 4С-25-1 шешімімен

2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына , 2003 жылғы 4 маусымдағы "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Ақмола облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қоса беріліп отырған ауылдық жерге жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетудің Ережесі бекітілсін.

2. Осы шешім 2008 жылдың 1 қаңтарынан бастап қалыптасқан құқықтық қ а т ы н а с т а р ғ а т а р а й д ы .

3. Осы шешім Ақмола облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланғаннан күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақмола облыстық
мәслихаты
сессиясының төрағасы*

*Ақмола облыстық
мәслихатының
хатшысы*

Ақмола облыстық мәслихатының
2008 жылғы 5 наурыздағы
N 4С - 5 - 16 шешімімен

БЕКІТІЛДІ

Ауылдық жерге жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетудің Ережесі

Осы ауылдық жерге жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетудің Ережесі 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының , 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Заңының негізінде, 253.023 "Ауылдық жерге жұмысқа жіберілген медицина және

фармацевтика қызметкерлерін әлеуметтік қолдау" бюджеттік бағдарламасы бойынша әзірленді.

1. Негізгі түсініктер

1) әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі өкілетті орган (бұдан әрі - өкілетті орган) - "Ақмола облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекеме ;

2) жұмыс беруші - медицина немесе фармацевтика қызметкерімен шарт жасасқан, облыстық бюджеттен қаржыландырылатын денсаулық сақтау ұйымы;

3) медицина немесе фармацевтика қызметкері (бұдан әрі - қызметкер) - ауылдық жерге жұмысқа жіберілген, маманның біліктілігін растайтын тиісті сертификаты бар, медициналық немесе фармацевтикалық білім алған жеке тұлға ;

4) әлеуметтік қолдаудың түрі: біржолғы материалдық көмек - Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында берілген ақшалай сома.

Ескерту. Өзгерту енгізілді - Ақмола облыстық мәслихатының 2008.12.13 № 4С-11-11 шешімімен.

2. Жалпы ережелер

1. Әлеуметтік қолдау алуға өкілетті органның жіберуі бойынша, Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес жұмыс берушімен еңбек шартын жасаған қызметкердің құқығы бар.

2. Өкілетті орган денсаулық сақтау ұйымдарын кадрмен қамтамасыз ету м а қ с а т ы н д а :

1) жыл сайын ауылдық жерлер үшін медицина және фармацевтика қызметкерлеріне жеке мамандықтар бойынша сұранысына талдау жүргізеді;

2) а л ы н ы п т а с т а л д ы

3) қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсету мәселелері бойынша түсініктеме беру жұмысын жүргізеді.

Ескерту. Өзгерту енгізілді - Ақмола облыстық мәслихатының 2008.12.13 № 4С-11-11 шешімімен.

3. Әлеуметтік қолдау шараларын қабылдау тәртібі және біржолғы материалдық көмектің мөлшері

3. Біржолғы материалдық көмекті төлеу және қаржыландыру облыстық бюджет қаражаты есебінен ауылдық жердегі медицина және фармацевтика қызметкерлеріне төленетін алты айлық лауазымдық ақыдан кем емес тең сомада жү р г і з і л е д і .

4. Біржолғы материалдық көмек алу үшін медицина немесе фармацевтика қызметкерінен жұмыс берушінің атына оған материалдық көмекті төлеу туралы жазбаша өтініш және келесі құжаттар қоса беріледі:
еңбек шартының көшірмесі;

тұратын орнын растайтын құжаттың көшірмесі;
салық төлеушінің тіркеу нөмірі (СТН);
әлеуметтік жеке код (ӘЖК);
өтініш берушінің есеп айырысу шотының нөмірі;
қызметкердің тұлғасын куәландыратын құжаттың көшірмесі.

Ескерту. Өзгерту енгізілді - Ақмола облыстық мәслихатының 2008.12.13 № 4С-11-11 шешімімен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК